# Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 11 шілдеде № 15325 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 54-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі* *Ж. Қасымбек*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрі
_______________ Е. Біртанов
2017 жылғы 9 маусым

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 5 маусымдағы
№ 324 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 54-1-бабының 1-тармағына және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі – ИКАО) 1-қосымшасына сәйкес әзірленген.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларының тәртібін айқындайды және авиация персоналына, сондай-ақ міндетті медициналық куәландырылуға және медициналық қарап-тексерілуге жататын адамдар санатына қойылатын азаматтық авиация саласындағы медициналық куәландыру, медициналық қарап-тексеру жөніндегі талаптарды анықтайды.

3. Осы Қағидалар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның, авиакомпанияның (пайдаланушылардың) және азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды тұлғаларына, медициналық куәландыру мен карауға қатысатын медициналық жұмыскерлерге, авиациялық персоналға, сондай-ақ міндетті медициналық куәландыруға және медициналық қарап-тексеруге жататын адамдар санатына қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Авиациялық оқу орнына оқуға түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдің азаматтары осы Қағидаларға сәйкес медициналық куәландырудан өтеді.

5. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) алып тасталды - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) авиациялық медицина – авиациялық ұшуды медициналық қамтамасыз ету мәселелерін зерделеуге арналған медицина саласы;

3) авиациялық медициналық инспектор - азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиациялық медицина саласында біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі бар және азаматтық және эксперименттік авиация саласында сертификаттауды, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген авиация инспекторы;

4) авиациялық медициналық орталық (бұдан әрі – АМО) – азаматтық авиация саласында медициналық куәландыруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) авиациялық медициналық сарапшы (бұдан әрі – сарапшы) – авиациялық медициналық сарапшы сертификаты бар авиациялық медицина саласында даярлықтан өткен және практикалық дағдылары мен еңбек өтілі бар әуе кемелерінің ұшуын орындауға және қамтамасыз етуге және оларға техникалық қызмет көрсетуге, әуе қозғалысына қызмет көрсетуге тікелей байланысты тұлғаларды ды куәліктерді немесе біліктілік белгілерін алуға медициналық куәландырудан өткізу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым тағайындайтын дәрігер;

6) авиация персоналы – арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар әуе кемелерінде ұшуды орындау және қамтамасыз ету, әуе тасымалы мен авиация жұмыстарын, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету, әуе қозғалысын басқару қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

7) авиациялық персонал куәлігі – авиациялық персоналдың біліктілігі мен өкілеттігін растайтын құжат;

7-1) авиация персоналының медициналық кітапшасы – авиация персоналының денсаулық жағдайына мониторинг нәтижелері енгізілетін дербес құжат;

8) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану, азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

9) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық

қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

10) аса жеңіл авиация (бұдан әрі – АЖА) – сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасы жеті жүз елу килограмнан кем болатын әуе кемелерін, басқа да ұшу аппараттары мен қосымша құрылғыларды пайдаланатын азаматтық авиация;

11) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

12) жеңіл авиация (бұдан әрі – ЖА) – сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасы бес мың жеті жүз килограмнан кем болатын әуе кемелерін, оның ішінде сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасы үш мың бір жүз сексен килограмнан кем болатын тікұшақтарды пайдаланатын азаматтық авиация;

13) кеңейтілген медициналық куәландыру – жалпы есепті, офтальмолог, оториноларинголог (бұдан әрі – ЛОР) есептерін және басқа мамандардың ұсыныстарын ресімдей отырып, сарапшы жүргізетін медициналық куәландыру;

14) қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер - аурулар мен жарақаттардың диагностикасы, оларды емдеу, медициналық оңалту және олардың профилактикасы, медицина қызметкерлерінің өзара, жеке тұлғалармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен қашықтықтан өзара іс-қимыл жасауын, көрсетілген адамдарды сәйкестендіруді, сондай-ақ олар жасайтын әрекеттерді құжаттауды қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар арқылы зерттеулер мен бағалауды жүргізу мақсатында медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

15) медициналық куәландыру – жеке тұлғаны оның ауруы болу немесе болмау фактісін анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын, сондай-ақ уақытша еңбекке қабілетсіздігін, кәсіптік және өзге де жарамдылығын айқындау мақсатында зерттеп-қарау;

16) медициналық қарап-тексеру – авиация персоналында аурудың болуын немесе болмауын анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын, сондай-ақ уақытша еңбекке қабілетсіздігін, жұмысқа шығатын ауысымындағы кәсіптік жарамдылығын айқындау;

16-1) медициналық қарап-тексерудің автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – МҚАЖ) – қан қысымын, жүректің соғу жиілігін (пульсті), дене температурасын өлшеу процесін автоматтандыруға, сондай-ақ заттарды қолдану белгілерін анықтауға мүмкіндік беретін тонометр, алкотестер, термометрді (немесе кіріктірілген термометрі бар пупиллометрді) қамтитын Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізілген медициналық мақсаттағы сертификатталған жылжымалы (қозғалмалы) кешен;

17) медициналық сертификат – медициналық куәландырудың оң нәтижелері бойынша берілетін, өтініш берушінің денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығына қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын және кәсіптік қызметке рұқсат беруді қамтамасыз ететін, белгіленген үлгідегі құжат;

18) медициналық сертификаттың иегері – медициналық сертификаттың қолданыстағы мерзіміне ие тұлға;

19) өтініш беруші – медициналық сертификатты алуға немесе мерзімін ұзартуға өтініш берген жеке тұлға;

20) сыртқы ұшқыш – пайдаланушы қашықтан басқару әуе кемесінің ұшуын орындау бойынша қажетті міндеттерді орындауға тапсырған және ұшу уақыты ішінде ұшуды басқарудың тиісті органдарын манипуляциялайтын сыртқы пилоттың куәлігі бар тұлға.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

**2-тарау. Медициналық куәландыруды өткізу тәртібі**

6. Медициналық сертификатты алуға, ұзартуға немесе қайта жаңартуға өтініш беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтінішке (бұдан әрі – өтініш) қол қояды және сарапшыға ұсынады, онда ол бұрын медициналық куәландырудан өткенін көрсетеді, соңғы медициналық куәландырудың күнін, орнын және нәтижелерін хабарлайды.

Өтініш беруші бұрын медициналық сертификатты беруден бас тарту, оның күшін жою немесе қолданылуын тоқтата тұру жағдайларының орын алғаны туралы, мұндай бас тартудың себептері, жеке, отбасылық және мұрагерлік анамнезі туралы сарапшыға хабарлайды.

Медициналық куәландырудан өту кезінде медициналық куәландырудан өтуге өтініш беруші авиациялық медициналық сарапшыға өзіне мәлім және ұшуды орындауы үшін қауіп төндіретін ауруларының бар екені туралы ақпаратты хабарлауға міндетті.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Медициналық куәландыруды сарапшы жүргізеді. Тұрақты медициналық тексерулерді көздейтін ауру болған кезде сарапшы тиісті мониторингті қамтамасыз ету үшін қосымша тексерулер мен ұсынымдар тағайындайды.

Куәландырылатын тұлға тасымалдауға жарамсыз болған және диагноз осы Қағидалардың 4, 5, 6 және 7-қосымшаларының талаптарына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша жарамсыздығын анықтаған кезде, медициналық сертификат иесіне медициналық куәландыру сырттай жүргізіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Медициналық куәландыру міндеттеріне мыналар жатады:

1) азаматтық авиация саласында жұмысқа және/немесе оқуға денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығын анықтау;

2) денсаулық жағдайындағы қауіп факторлары мен функцияналдық ауытқушылығын, аурудың бастапқы түрлерін анықтау.

9. Медициналық куәландыруға мынадай санаттағы тұлғалар жатады:

1) ұшқышқа оқуға түсетін және оқитын тұлғалар;

2) коммерциялық авиация ұшқыштары (ұшақ, дирижабль, тікұшақ және көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесі);

3) көпмүшелі экипаж ұшқыштары;

4) авиакомпанияның желілік ұшқыштары (ұшақ, тікұшақ және көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесі);

5) штурмандар;

6) бортинженерлер;

7) бортмеханиктер;

8) бортрадистер;

9) бортоператорлар;

10) әуесқой ұшқыштары (ұшақ, дирижабль, тікұшақ және көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесі);

11) планер - ұшқыштары;

12) еркін аэростат ұшқыштары;

13) бортсеріктер;

14) әуедиспетчерлер және әуедиспетчерге оқуға түсетін және оқитын тұлғалар;

15) сыртқы ұшқыштар;

16) ЖА және АЖА ұшқыштары.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Осы Қағидалардың 9-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 14) және 15) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға медициналық сертификат осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

Осы Қағидалардың 9-тармағының 13) және 16) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға медициналық сертификат осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Медициналық куәландыру:

1) бастапқы медициналық сертификатты алу үшін;

2) медициналық сертификаттың мерзімін ұзарту үшін;

3) медициналық сертификатты жаңарту үшін (тоқтатылғаннан кейін) өткізіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Медициналық сертификаттардың түрлері:

1) осы Қағидалардың 9-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына қатысты тұлғаларға "1-сыныпты медициналық сертификат" беріледі;

2) осы Қағидалардың 9-тармағының 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшаларына қатысты тұлғаларға "2-сыныпты медициналық сертификат" беріледі;

3) осы Қағидалардың 9-тармағының 14) және 15) тармақшаларына қатысты тұлғаларға "3-сыныпты медициналық сертификат" беріледі;

4) осы Қағидалардың 9-тармағының 16) тармақшасына жататын тұлғаларға "ЖА және АЖА медициналық сертификаты" беріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Медициналық сертификат алу үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) өтініш;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген амбулаториялық-емханалық ұйымдарда қолданылатын медициналық карталар формасында көзделген амбулаториялық науқастың медициналық картасына 5-қосымша параққа сәйкес пациенттің динамикалық (диспансерлік) бақылауы туралы мәліметтер ( Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 21579 болып тіркелген);

3) психиатриялық, наркологиялық қарап-тексеруден өткені туралы анықтама ( алғашқы медициналық куәландыру кезінде);

4) әскери есепке алуға жатпайтын азаматтарды қоспағанда, әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар ұсынатын әскери билет немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік;

5) "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21

желтоқсандағы № 716 (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 21869 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген 6-қосымшаға сәйкес денсаулық жағдайы бойынша мемлекеттік органдардан (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Авиациялық қызметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы) босатылған өтініш берушілерге ауруы туралы куәліктің көшірмесі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.01.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

14. Медициналық сертификаттың қолдану мерзімін ұзарту және қайта жаңарту үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

1) өтініш;

2) алдыңғы медициналық сертификат;

3) алдыңғы медициналық куәландырудың есебі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. 1, 2, 3 сыныпты және ЖА және АЖА сыныпты медициналық сертификатты бастапқы беру АМО жүзеге асырылады.

АМО медициналық куәландыруды өткізу оның және АМС сертификаты негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Медициналық сертификаттардың қолданылу мерзімін ұзарту және жаңарту:

1) 1, 2 және 3 сыныпты медициналық сертификаты үшін АМО сарапшылары;

2) ЖА және АЖА сыныпты медициналық сертификаты үшін медицина ұйымдарының медициналық сарапшылары жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Сарапшы медициналық куәландыру алдында медициналық куәландыру жүргізуге арналған өтінішті тексереді және оған өтініш берушімен бірге қол қояды.

Өтінішке қол қойылғаннан кейін, сарапшы өтініштегі деректердің растығын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелері арқылы тексереді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Қол қойылған өтініште белгілі және ұшуды орындауға қауіп төндіретін ауруды жасыруды көздейтін күмәнді деректер анықталған жағдайда, сарапшы өтініш берушінің көзінше өтініштің түпнұсқасын ілеспе хатпен бірге уәкілетті ұйымға материалдарды беру үшін уәкілетті органға әкімшілік шаралар қабылдау үшін жібереді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.07.2019 № 538 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Өтінім берушіге медициналық куәландыруға дейін бір күн бұрын және куәландыру кезінде демалыс күні беріледі.

20. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Өтініш беруші алатын медициналық сертификаттың сыныбына байланысты оның денсаулығының мынадай талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкестігіне медициналық куәландырудан өтеді:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 1-сыныпты медициналық сертификат алуға өтініш берушіге қойылатын денсаулық жағдайына медициналық куәландыру жөніндегі талаптар;

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 2-сыныпты медициналық сертификат алуға өтініш берушіге қойылатын денсаулық жағдайына медициналық куәландыру жөніндегі талаптар;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 3-сыныпты медициналық сертификат алуға өтініш берушіге қойылатын денсаулық жағдайына медициналық куәландыру жөніндегі талаптар;

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес АЖ және ЖА медициналық сертификатын алуға өтініш берушіге қойылатын денсаулық жағдайына медициналық куәландыру жөніндегі талаптар.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Медициналық куәландыру кезінде сарапшы көрсеткіштер бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес медициналық куәландыру кезіндегі медициналық тексеру көлемін айқындайды және бейінді мамандарға тексеруді тағайындайды.

Медициналық сертификат алу үшін азаматтық авиация мамандықтарына оқуға үміткерді және медициналық сертификат иегерін кәсіби психологиялық іріктеу мақсатында қолданылатын психологиялық әдістемелер осы Қағидаларға 8-1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Бейінді мамандар медициналық құжаттамаға медициналық зерттеп-қарау деректерін, диагнозын, өз бейіні бойынша ұсынымдарын қолтаңбамен және жеке мөрмен растайды және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша неврологиялық тексеру туралы есепті, 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хирургиялық тексерудің есепті, 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша офтальмологиялық тексеру туралы есепті және 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оториноларингологиялық тексеру туралы есепті толтырады.

Медициналық куәландыруға тартылатын бейінді мамандар, медициналық тексеру деректері, диагнозы және өз бейіні бойынша ұсынымдарын қолымен және жеке мөрімен куәландырылады.

Бейінді мамандардың есептері 10 жыл бойы сақталады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Сарапшы медициналық құжаттамаға медициналық тексеру деректерін, диагнозды, бейінді мамандардың ұсыныстарын жазады және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық тексеру туралы есепті (бұдан әрі – Есеп) толтырады. Медициналық тексеру деректерінің дұрыстығы сарапшының қолымен және жеке мөрімен расталады.

Сарапшылардың есептері 10 жыл бойы сақталады.

Диагноздардың коды Аурулардың халықаралық жіктелуіне сәйкес қолданыстағы редакцияда жүзеге асырылады. Есепті ресімдеу кезінде түзетулерге тыйым салынады.

Есептің түпнұсқасы сарапшының мұрағатында сақталады, есептің көшірмесі ( сарапшының мөрімен бекітілген) өтініш берушіге беріледі. Есептің электрондық көшірмесі сертификат беру күнінен бастап 3 жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға бағалау жүргізуге беріледі. Медициналық сертификат есеп ресімделген және медициналық қорытынды шығарылған күні өтініш берушіге беріледі.

Уәкілетті ұйымның авиациялық медициналық инспекторы осы Қағидалардың 4, 5, 6 және 7-қосымшаларында көзделген талаптарға сәйкестігіне медициналық куәландыру есебіне бағалау жүргізеді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша мынадай нысанда медициналық қорытынды шығарылады:

1) жұмысқа жарамды;

2) осы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес шектеулермен жұмысқа жарамды;

3) кейіннен медициналық куәландыру жүргізумен емдеуді (сауықтыруды) қажет етеді;

4) жұмысқа жарамсыз.

Егер тұлғалардың еңбек жағдайлары аурудың клиникалық ағымын және болжамын нашарлатса, дәрігерлік-консультативтік комиссияның (бұдан әрі – ДКК) екі айдан алты айға дейінгі мерзімге неғұрлым жеңіл жұмысқа уақытша ауыстыру туралы қорытындысы беріледі. Мерзімді мамандыққа (мамандығына), аурудың ағымының ауырлығына және асқынуларына байланысты ДКК белгілейді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Сарапшы медициналық сертификатқа шектеу белгілейді.

Шектеу белгіленген кезде ғана жарамдылық туралы шешім талап етілсе, бағалаушы өтініш берушінің денсаулық жағдайын бағалайды және ұшуды пайдалану жөніндегі мамандармен, әуе қозғалысын басқару жөніндегі мамандармен және басқа мамандармен кеңеседі.

Шектеу айқындалған жағдайда өтініш берушінің орындайтын қызметіне қарай мүмкіншіліктері, дағдылары және тәжірибесі, әуе кемесінің түрі, орындалатын ұшудың және жұмыстың түрі мен сипаты бағаланады.

Шектеу белгіленген кезде ғана жарамдылық туралы шешім талап етілсе, бағалаушы өтініш берушінің денсаулық жағдайын бағалайды және ұшуды пайдалану жөніндегі мамандармен, әуе қозғалысын басқару жөніндегі мамандармен және басқа мамандармен кеңеседі.

Егер өтініш беруші осы Қағидалардың 4, 5, 6 және 7-қосымшаларда көзделген талаптарға толық сәйкес келмеген жағдайда осы жай-күй ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндірмеген жағдайда, осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес шектеу кодтары белгіленеді.

Төрт және одан да көп аурулар мен синдромдар, сондай-ақ бір-бірін өзара ауырлататын және ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін қауіп факторлары болған кезде диагноздардың жиынтығы бойынша жұмысқа жарамсыздығы туралы шешім шығарылады.

Сонымен қатар жас, жыныс, жаман әдеттер сияқты қауіп факторларын ескереді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Мынадай денсаулық жарамдылығын төмендетуші факторлар болған кезде:

1) оған хирургиялық ота немесе инвазивтік процедура өткізілсе;

2) қандай-да бір дәрілік препаратты тұрақты қабылдау тағайындалса;

3) авиациялық персонал куәлігіне (бұдан әрі – куәлік) сәйкес кәсіби міндеттерін атқаруға қабілетсіздікті туғызатын айтарлықтай жарақаттар алса;

4) тиісті куәлігіне сәйкес кәсіби міндеттерін атқаруға қабілетсіздікті туғызатын ауруға шалдықса;

5) жүктілік және босану жағдайында;

6) ауруханаға жатқызылса;

7) алғаш рет түзетуші линза тағайындалса, куәлік иелері сарапшыға кідірусіз ішінде хабарлайды.

28. Куәлік иелері кәсіби құқықтары мен міндеттерін өздерінің куәліктеріне, біліктілік белгілері немесе сертификаттарына сәйкес мынадай жағдайларда орындамауға тиіс, егер:

1) олар осы құқықтар мен міндеттерді қауіпсіз жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін медициналық жарамдылығының төмендегені туралы білсе;

2) олар тиісті куәліктің құқықтары мен міндеттерін қауіпсіз жүзеге асыруға кедергі келтіретін қандай да бір тағайындалған немесе тағайындалмаған дәрі-дәрмектерді қабылдайтын немесе қолданатын болса;

3) ұшу қауіпсіздігіне қауіп келтіруі мүмкін қандай да бір медициналық, хирургиялық немесе басқа да емдеу қабылдап жүрсе.

Медициналық сертификат иелері авиация персоналының міндеттерін қауіпсіз орындау қабілетіне әсер етуі мүмкін қандай да бір ауру және/немесе шаршау, денсаулық жағдайы бойынша кез келген күмән, көңіл күйіне және/немесе денсаулығына байланысты кез келген жағдайларда сарапшыға жүгінеді.

Бұл ретте медициналық сертификаттың иесі және жұмыс беруші осы Қағидалардың 27 және осы тармақтарындағы талаптардың орындалуына жауап береді.

29. Өтініш берушіде Талаптарға сәйкес жұмысты (оқуды) жалғастыруға кедергі келтіретін ауру анықталған жағдайда, сарапшы жарамсыздығы туралы медициналық қорытынды шығарады.

Сарапшының қорытындысымен келіспеген жағдайда, өтініш беруші 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға жүгінеді. Уәкілетті ұйымның шешімімен келіспеген жағдайда, ол оған сот тәртібінде шағымданады.

Шағымдану тәртібі, шағым беру, шағымды қарау, өтініш берушінің шағымы бойынша шешім Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Жұмысты (оқуды) жалғастыруға жарамсыз деп танылған тұлғалар әрі қарай динамикалық медициналық бақылау және емделу үшін тіркелген жері бойынша медицина ұйымдарына жіберіледі.

31. Жұмысқа (оқуға) жарамсыз деп танылған осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысандағы Медициналық сертификаттарды есепке алу журналынан (бұдан әрі – Журнал) үзінді беріледі.

32. Медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен басталады.

Медициналық сертификаттың иегері өзіне ыңғайлы күні, бірақ қолданыстағы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 45 күннен аспайтын уақытта өзінің медициналық сертификатының қолданысын қайта жаңарту үшін медициналық куәландырудан өтеді.

Медициналық сертификаттардың қолданылу мерзімі:

1) осы Қағидалардың 9-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына жататын тұлғалардың 1-кластық медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 12 ай бойы жарамды;

2) осы Қағидалардың 9-тармағының 5), 6) және 7) тармақшаларына жататын тұлғалар 2-кластық медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 12 ай ішінде жарамды;

3) осы Қағидалардың 9-тармағының 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларына жататын тұлғалардың 2-кластық медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап және 40 жасқа толғанға дейін 60 ай бойы жарамды; 40-49 жастағы медициналық сертификат оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 24 ай бойы жарамды; 50 жасқа толғаннан кейін медициналық сертификат алғашқы медициналық куәлікті алған күннен бастап немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 12 ай бойы жарамды болады;

4) осы Қағидалардың 9-тармағының 13) тармақшасына жататын тұлғалардың 2-кластық медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 60 ай ішінде жарамды;

5) осы Қағидалардың 9-тармағының 14) және 15) тармақшаларына жататын тұлғалардың 3-кластық медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап және 50 жасқа толғанға дейін 24 ай бойы жарамды; 50 жасқа толғаннан кейін медициналық сертификат оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 12 ай бойы жарамды;

6) осы Қағидалардың 9-тармағының 16) тармақшасына жататын тұлғалардың ЖА және АЖА медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап және 40 жасқа толғанға

дейін 60 ай бойы жарамды; 40-49 жастағы медициналық сертификат оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 24 ай бойы жарамды; 50 жасқа толғаннан кейін медициналық сертификат алғашқы медициналық куәлікті алған күннен бастап немесе алдыңғы медициналық сертификаттың мерзімі аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде жарамды.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Медициналық зерттеу нәтижелері, бейінді мамандардың консультациялары, медициналық куәландыру есептері және барлық жазбалар сарапшының кабинетінде өтініш берушінің жеке ісінде сақталады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген тұлғалардың кәсіптік қызметті жүзеге асыруға тиісті сыныптағы (түрі) жарамды медициналық сертификаты болған жағдайда рұқсат етіледі.

Медициналық куәландыру жүргізу орнынан алыс өңірде немесе Қазақстан Республикасының тыс жерлерде ұшуды орындайтын куәлік иесінің кезекті медициналық куәландыруын АМО сарапшысы немесе медициналық ұйымдардың сарапшысы (ЖА және АЖА сыныбы медициналық сертификат үшін) кейінге қалдыруға жол береді, мұндай кейінге қалдыру тек ерекшелік ретінде және мыналардан аспайды:

1) коммерциялық емес тасымалдаулармен немесе авиациялық жұмыстарды орындаумен айналысатын әуе кемесінің ұшу экипажының мүшесі үшін ұзақтығы 6 ай кезеңнің бір кезеңі;

2) әрбір жағдайда тиісті адам осы ауданның сарапшысынан куәландырылғаннан кейін оң медициналық қорытынды алған жағдайда немесе осындай сарапшы болмаған кезде осы өңірде дәрігерлік практикамен айналысуға (медициналық куәландыруға) рұқсаты бар дәрігерде (маман сертификаты болған кезде) әрқайсысы коммерциялық тасымалдаумен айналысатын әуе кемесінің ұшу экипажының мүшесі үшін ұзақтығы 3 айдан екі жүйелі кезең. Медициналық қарап-тексеру туралы қорытынды осы куәлікті берген уәкілетті ұйымға жіберіледі;

3) ұзақтығы 24 айдан аспайтын бір кезең, егер медициналық қарап-тексеруді өтініш берушіге уақытша болатын уәкілетті ұйыммен тағайындалған сарапшының аумағында жүргізілсе. Медициналық қарап-тексеру туралы қорытынды осы куәлікті берген уәкілетті ұйымға жіберіледі; Қазақстан Республикасынан тыс жердегі сарапшының медициналық куәландыру туралы есебі медициналық сертификат берген азаматтық авиация ұйымына және сарапшыға жіберіледі.

Төтенше жағдайлар және еңсерілмейтін күштер (дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар) туындаған кезде сарапшы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімін төтенше жағдайлардың және еңсерілмейтін күштердің (дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар) қолданылу мерзіміне не уәкілетті ұйым айқындайтын мерзімге кейіннен күнтізбелік 45 күннен аспайтын мерзімге ұзарту мүмкіндігімен ұзартады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

35. 1-кластық медициналық сертификаттың қызметі 2, 3-кластық және ЖА және АЖА медициналық сертификатқа қолданылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі мыналарға 6 айға дейін қысқартылады:

1) 60 жасқа толған кезде авиакомпанияның желілік пилотының (ұшақ, тікұшақ, көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесі) куәлігі, коммерциялық авиация пилотының куәлігі (ұшақ, тікұшақ, дирижабль, көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесі) және коммерциялық әуе тасымалдарын орындайтын көп мүшелі экипаж пилотының куәлігінің (ұшақ) иегерлері үшін;

2) 40 жасқа толған кезде авиакомпанияның желілік пилоты (ұшақ, тікұшақ, көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесі) куәліктерінің және бір пилот басқаратын жолаушыларды тасымалдау бойынша коммерциялық ұшуларды орындайтын коммерциялық авиация пилотының (ұшақ, тікұшақ, дирижабль) куәліктерінің иелері үшін.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.01.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі нақты мерзімдерін көрсете отырып және қолданылу мерзімін өзгерту негіздемесімен медициналық айғақтар бойынша қысқартылады, ол сарапшының Журналы мен есебінде көрсетіледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.01.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Медициналық сертификатқа авиамедициналық сарапшы қол қояды және авиамедициналық сарапшының мөрімен куәландырылады.

39. Сарапшы, заңнамада көрсетілген жағдайлардың басқа кезде, қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты оған белгілі болған өткізілген медициналық куәландыру нәтижелері және басқа да деректерді жария етуге құқығы жоқ.

40. Сарапшы, ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін ақпаратты алған жағдайда оны алғаннан кейін бір тәулік ішінде уәкілетті ұйымды және азаматтық авиация ұйымының әкімшілігіне (болған жағдайда) хабардар етеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.07.2019 № 538 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. 1 кластағы сарапшы барлық кластағы медициналық сертификаттарды беруді, мерзімін ұзартуды және жаңартуды жүзеге асырады.

42. 2-кластағы сарапшы 2, 3-кластағы және ЖА және АЖА медициналық сертификаттарды беруді, мерзімін ұзартуды және жаңартуды жүзеге асырады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. ЖА және АЖА кластағы сарапшы ЖА және АЖА кластағы медициналық сертификаттардың мерзімін ұзартуды, жаңартуды жүзеге асырады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Ауру талаптармен рұқсат етілген жағдайда, сарапшы мониторинг мақсатында тұрақты медициналық қарап-тексерулердің күнін белгілейді.

Мониторинг жүргізу кезінде шағымның болуы немесе болмауы тексерілушінің қолымен расталады, сарапшы жазбаларды өзінің қолымен және жеке мөрімен куәландырады.

Өтініш берушінің денсаулық жағдайы мониторингінің нәтижелері осы Қағидаларға 15-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиация персоналының медициналық кітапшасына жазылады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Авиациялық оқиғалар мен авиациялық оқыс-оқиғалардан кейін медициналық зерттеп-қарауды оқиғадан (оқыс-оқиғадан) кейін бірден азаматтық авиация ұйымының медицина қызметкері келесі көлемде өткізеді: анамнез жиынтығы, сыртқы тексеру, сілемей қабығын тексеру, дене қызуын өлшеу, қан қысымын, тамыр соғуын өлшеу. Алкогольдік мастығын тексеру үшін сараптама тиісті лицензиясы бар мамандандырылған медициналық ұйымда өткізіледі. Экипаж мүшелерін ұшуға жіберу туралы шешімді сарапшы немесе азаматтық авиация ұйымының медицина қызметкері сарапшымен консультациядан кейін жүзеге асырады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.01.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49-1. Әуе кемесінің ұшуын орындаумен және қамтамасыз етумен және оларға техникалық қызмет көрсетумен, әуе қозғалысына қызмет көрсетумен байланысты адамдардың осындай қызметті алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан (оларға ұқсас заттардан) масаң күйінде жүзеге асыруына немесе өз міндеттерін орындау процесінде осындай масаңдыққа ұшырататын заттарды пайдалануына тыйым салынады.

Ескерту. Қағида 49-1-тармақпен толықтырылды– ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

50. Медициналық сертификат иесінің денсаулық жағдайының мониторингі нәтижелері бойынша қорытынды қабылданады:

1) жұмысқа немесе оқуға жіберілді;

2) кезектен тыс демалыс күнін (кезекті еңбек демалысын) беруді қажет етеді;

3) консультация және емдеу жүргізуді қажет етеді;

4) профилактикалық емдеуге жатады – емдеу мерзімі күнтізбелік 15 күн.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Осы Қағидалардың 27, 28, 49, 50 және 73-тармақтарында көзделген жағдайларда және медициналық себептер бойынша сарапшы медициналық сертификат иесінің кезектен тыс медициналық куәландыру өткізу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Медициналық қарап-тексеруді өткізу тәртібі

52. Медициналық қарап-тексерудің негізгі міндеті авиациялық персоналда аурудың барын немесе жоғын анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын анықтау, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық, түсетін ауысымда жұмысқа кәсіби жарамдылығын, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттармен мас болу белгілерін анықтау болып табылады.

Ауысымнан кейінгі медициналық қарап-тексеру жұмыс ортасының және еңбек процесінің зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторларының жұмыскерлердің денсаулық жағдайына, жіті кәсіптік ауруға немесе улануға әсер ету белгілерін, психикаға белсенді әсер ететін заттармен мас болу белгілерін анықтау мақсатында жұмыс күні (ауысым, рейс) аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда, машиналар мен тетіктермен айналысатын қызметкерлердің ұшу алдындағы (ауысым алдындағы), ауысымнан кейінгі міндетті медициналық қарап-тексерулерден уақтылы өтуін өз қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Медициналық қарап-тексеруге келесілер жатады:

1) осы Қағидалардың 9-тармағының 11), 12) және 15) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан басқа, осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген тұлғалар санаты;

2) резервтік экипаж;

3) парашюттік қызмет нұсқаушылары, парашютистер;

4) ұшулар басшылары;

5) әуе кемелеріне, аэродромдарға және авиапассажирлерге қызмет көрсетуші әуежай (азаматтық авиация ұйымдары) жұмысшылары (авиациялық қауіпсіздік қызметі, инженерлік-авиациялық қызметі, аэродром қызметі, жүк және пассажирлерді тасымалдау қызметі, авиажанар-жағармайлар қызметі, әуежайдың диспетчерлік қызметі);

6) әуе кемелеріне қызмет көрсету, авиапассажирлерді, жүкті, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша жұмыстар орындайтын көлік құралдарның жүргізушілері.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Осы Қағидаларға және ICAO Doc 9654-AN/945 сәйкес әзірленген Ұшу қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты (бұдан әрі – Нұсқаулық) енгізген азаматтық авиация ұйымдарында медициналық қарап-тексеру осы нұсқаулықта көзделген іс-шаралар кешеніне сәйкес жүзеге асырылады.

Нұсқаулық уәкілетті ұйыммен келісіледі.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Азаматтық авиация ұйымдарында медициналық қарап-тексеру азаматтық авиация ұйымының медициналық пунктінің немесе азаматтық авиация ұйымымен шарт бойынша медициналық ұйымның кезекші медицина қызметкерімен (дәрігер, орта медицина қызметкерлері), МҚАЖ-мен немесе медицина қызметкерімен және МҚАЖ арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55-1. Медицина қызметкерлерінің психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдану фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық куәландыру бойынша біліктілігін арттыру курсы бар.

Медициналық қарап-тексеру жеке тәртіппен сыртқы киімсіз және бас киімсіз жүргізіледі.

Медициналық қарап-тексеру жүргізу кезеңінде бөгде адамдардың болуына рұқсат етілмейді.

Ескерту. 3-тарау 55-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Әуе кемесінің экипаж мүшелері медициналық қарап-тексеруден ұшулар алдында, бірақ ұшып шыққанға дейін кемінде 2 сағат бұрын өтеді; ұшып шығу 6 және одан артық сағатқа кешіктірілуіне байланысты әуе кемесінің экипаж мүшелері медициналық қарап-тексеруден қайта өтеді.

Жұмыс уақыты ішінде бірнеше рейс орындайтын әуе кемесінің экипажы мүшелері медициналық қарап-тексеруден алғашқы ұшып шығу алдында бір рет қана өтеді.

Резервтік экипаждар резервте жұмысқа кірісу алдында, сондай-ақ, егер медициналық қарап-тексеруден кейін 6 және одан артық сағат өтсе, ұшып шығу алдында медициналық қарап-тексеруден өтеді

Жұмыс уақыты ішінде бірнеше секіруді орындайтын парашюттік қызметтің нұсқаушылары (парашютшілер) медициналық қарап-тексеруден бір рет, алғашқы секірудің алдында кемінде 1 сағат бұрын өтеді.

Әуе қозғалысын ұйымдастыру (бұдан әрі – ӘҚҰ) әуедиспетчерлердің ауысымы кезекшілікке (ауысым) кірісу алдында, ауысым басталғанша кемінде 1 сағат бұрын медициналық қарап-тексеруден өтеді.

Осы Қағидалардың 53-тармағының 5) тармақшасына жататын тұлғалар ауысымы кезекшілікке (ауысым) кірісу алдында, ауысым басталғанша кемінде кемінде 1 сағат бұрын медициналық қарап-тексеруден өтеді.

Осы Қағидалардың 53-тармағының 6) тармақшасына жататын тұлғалар медициналық тексеру кезекшілікке (ауысымға) түсер алдында 30 минуттан кешіктірілмей және кезекшіліктен (ауысым) соң 30 минут ішінде медициналық қарап-тексеруден өтеді.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Медициналық тексеруді өткізер алдында медицина қызметкері тексереді:

1) әуе кемесі экипажының мүшесінде – медициналық сертификатты; түпнұсқада не цифрлық құжат нысанында жеке басын куәландыратын құжатты және ұшу тапсырмасын;

2) авиадиспетчерде – медициналық сертификатты, түпнұсқада не цифрлық құжат нысанында жеке басын куәландыратын құжатты;

3) қызметкерде – рұқсаттама немесе түпнұсқада не цифрлық құжат нысанында жеке басын куәландыратын құжатты;

4) жүргізушіде – рұқсаттама немесе түпнұсқада не цифрлық құжат нысанында жеке басын куәландыратын құжатты және жол (маршруттық) парағы нысанында не нарядты орындауға арналған тапсырманы.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Медициналық сертификаттың иегерінде, сондай-ақ азаматтық авиация ұйымының, авиакомпанияның қызметкерінде ауру, шаршау белгілері, дәрігердің тағайындауынсыз дәрілік заттарды, алкогольдік ішімдіктерді, есірткі және психотроптық заттарды пайдалану фактісі, ұшу алдындағы (ауысым алдындағы) демалыс пен тамақтану режимінің бұзылуы, медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғаны анықталған кезде жұмыстан шеттетіледі.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Медициналық медициналық қарап-тексеру төмендегідей көлемде жүргізіледі: сұрақ қою, сыртқы тексеру, ауыз қуысын және жұтқыншақты тексеру, тамыр соғуын қарау, көрсеткіштер бойынша – қан қысымын, дене қызуын өлшеу және дем шығаруында алкогольге сынақ жүргізу.

59-1. МҚАЖ арқылы медициналық куәландыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) зерттелушінің биометриялық және (немесе) визуалды сәйкестендіруі;

2) шағымдардың болуына сауалнама;

3) көз қарашығының жарық тітіркендіргішіне реакциясының өзгертуіне арналған тест;

4) психикаға белсенді әсер ететін затты қолдану белгілерін анықтауға арналған тест;

5) дене температурасын өлшеу;

6) қан қысымын және пульсті өлшеу.

Ауысым алдындағы (ауысымнан кейінгі) медициналық тексерудің нәтижелері электрондық журналда тіркеледі.

МҚАЖ нәтижелердің бұрмалануын болдырмау мақсатында медициналық қарап-тексеру процесінің фото және (немесе) бейнежазбасын жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тарау 59-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

60. Сұрақ қою арқылы денсаулық жағдайына шағымдары, ұйқының ұзақтығы мен сапасы, ұшу алды демалу жағдайлары, тамақтану режимі анықталып, жалпы жағдайы, сөйлеген сөзі, мимикасы, эмоционалдық жағдайы, жұмысты орындауға дайындығы бағаланады.

Шағымдар, аурулардың объективті белгілері және ағзаның функционалдық жай-күйінің бұзылуы болмаған кезде зерттелуші жұмысқа жіберіледі.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Өзін нашар сезінуіне, жеткіліксіз (толық емес) демалуына шағымдар болған кезде әуе кемесі экипажының мүшесі, әуедиспетчер, азаматтық авиация ұйымының, авиакомпанияның қызметкері жұмыстан шеттетіледі.

Жұмыстан шеттетілген экипаж мүшесі, әуедиспетчер сарапшыға жіберіледі. Жұмыстан шеттетілген азаматтық авиация ұйымының, авиакомпанияның қызметкері

азаматтық авиация ұйымының, авиакомпанияның медицина қызметкеріне немесе тұрғылықты жері бойынша учаскелік дәрігерге жіберіледі.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61-1. Зерттелушіде психикаға белсенді әсер ететін заттармен мас болу белгілері анықталған кезде (ауыздан алкогольдің иісі, позаның тұрақсыздығы, сөйлеудің бұзылуы, саусақтардың қатты дірілдеуі, терінің түсінің өзгеруі, алкотест сынамасының оң көрсеткіші) медицина қызметкері алғашқы медициналық куәландырудан кейін екі сағаттан кешіктірмей қайта медициналық куәландыруды жүргізу қажеттілігін ескере отырып, оны медициналық ұйымға медициналық куәландыруға жібереді.

Ескерту. 3-тарау 61-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Сыртқы қарап-тексеруге мыналар жатады: сыртқы келбетін бағалау, ӘК экипаж мүшелерінің киімінің ұшу бағыты бойынша метеорологиялық жағдайларына сәйкестігін тексеру, ашық тері мен көзге көрінетін былжыр қабықтарының бояуы мен жағдайын тексеру (жүзінің бозаруы, гипермия, аса жоғары тершеңдік, акроцианоз, ісік, терінің және склера сарғыштығы); бадамша безін, жұмсақ және қатты таңдайдың былжыр қабықтарын, ауыз қуысының артқы жағын, тілді тексеру; карашықтардың жарыққа реакциясын анықтау.

63. Тамыр соғуы білек тамырында саусақ арқылы (20 секунд ішінде 1 минутқа қайта есептеумен) тексерілетін адамды отырғызып алып анықталады, бұл жағдайда оның жиілігі, ырғағы, толуы мен күші бағаланады.

64. Тахикардия (тамыр соғуының жиілігі 1 минутына 90 және одан көп соққы) немесе брадикардия (тамыр соғуының 1 минутына 55 соққыдан кем) анықталған жағдайда тексеріліп отырған адамның денсаулығы, алдыңғы физикалық және эмоционалдық жүктемелері жайында сұрақ қойылып, 5 минуттық демалыс беріліп, қайтадан тамыр соғуының жиілілігі есептелінеді (тахикардия кезінде – дененің қызуы өлшенеді).

65. Тахикардия, брадикардия және аритмия ӘК экипаж мүшесін ұшудан ( авиадиспетчерді - ӘҚҚ бойынша жұмыстан) шеттетудің негіздемесі болып табылады.

66. Егер пульс жиілігінің ауытқуы индивидуалдық түрде болса және ол медициналық куәландыру кезінде анықталса, сарапшы ол туралы медициналық сертификатқа белгі қояды.

67. Артериялық қысымы орындықта отыру қалпында сол қолында тонометр арқылы жүргізіледі. Артериялық қысымның көтерілуі тексерілушінің 5 минуттық демалысынан кейін қайталанған өлшеу кезінде тіркелген жағдайда ескеріледі.

68. Мынадай көрсеткіштері кезінде жұмысқа жіберіледі: сынап бағанасынан 140/90 миллиметр жоғары емес және сынап бағанасынан 90/60 миллиметр төмен емес.

69. Жұмысқа жіберілген артериалды гипертензиясы бар тұлғаларда АҚ көрсеткіштерінің диапазоны медициналық сертификатта сарапшымен көрсетіледі. Олардағы кәсіби қызметті орындау үшін ең жоғары рұқсат етілетін АҚ деңгейі сынап бағанасынан 160/95 миллиметр жоғары емес көрсеткіш болып табылады.

70. Медициналық қарап-тексеруді жүргізу нәтижелері осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес Ұшу алдындағы медициналық қарап-тексеру журналында және осы Қағидаларға 16-1-қосымшаға сәйкес Ауысым алдындағы (ауысымнан кейінгі) медициналық қарап-тексеру журналында тіркеледі.

Журналды электронды түрде жүргізген жағдайда оларға енгізілген мәліметтер медицина қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады, парақты басып шығарудың міндетті мүмкіндігі бар дербес деректер туралы заңнаманың талаптары ескеріледі.

Медициналық қарап-тексеру кезінде қызметкердің медициналық қарап-тексеру нәтижелері МҚАЖ пайдалана отырып жазылады және жұмысқа жіберу туралы шешім қабылданады.

Медициналық қарап-тексеру нәтижелері, оның ішінде фото және (немесе) видео тіркеу МҚАЖ тізілімінде сақталады және түзетуге жатпайды.

Жұмысқа жарамдылығы туралы қорытынды бір минут ішінде МҚАЖ арқылы электрондық нысанда қалыптастырылады және қызметкерге сұрау салу бойынша беріледі.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70-1. Жұмыс беруші медициналық тексеруден өтпеген медициналық сертификат иесін, қызметкерді қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетеді.

Ескерту. 3-тарау 70-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Ұшуға тапсырманы ресімдеу барысында медициналық қызметкер ұшу тапсырмасында денсаулық сақтау бекетінің атауы, соңғы ӘК экипаж мүшесі медициналық тексеруден өткен күні, айы, сағаты, минуттары көрсетілген штамп қояды, ұшуға жіберілген тұлғалардың санын көрсетіп, қолы қойылады; медициналық қызметкердің ұшуға берілетін тапсырмада қосымша жазбаларды және түзетулерді енгізуге жол берілмейді.

Медициналық қарап-тексеруден кейін жүргізушіге жол парағында, ал жол парақтары жоқ жүргізушілерге парақтары нөмірленген, тігілген және азаматтық авиация ұйымының, авиакомпанияның мөрімен бекітілген блокнотқа "Жұмысқа

жіберілді" деген мөртабан, медициналық қарап-тексеру күні, уақыты және медицина қызметкерінің қолы қойылады.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. ӘҚҰ авиадиспетчерлерін жұмысқа жіберуге рұқсатты ресімдеу кезінде авиадиспетчерлердің жетекшісі (ауысым бойынша аға қызметкер) медициналық қарап-тексеруден соңғы кезекте өтіп, ӘҚҚ авиадиспетчерлерін тексеру нәтижелері туралы мәліметтерді алады.

73. Экипаж мүшесін, әуедиспетчерді және ұйым қызметкерін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету кезінде медицина қызметкері бұл туралы осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес Ұшудан шеттету журналына (ӘҚҚ ауысымнан) және Азаматтық авиация ұйымы қызметкерлерінің жұмысынан шеттету журналына осы Қағидаларға 17-1-қосымшаға сәйкес жазба жасайды және осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшудан шеттету (ӘҚҚ ауысымнан) туралы анықтама және 18-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерді жұмыстан шеттету туралы анықтама береді, тиісті қызмет басшылығына шеттету туралы баяндайды.

Экипаж мүшесі немесе әуе қозғалысының диспетчері шеттетілген кезде медицина қызметкері бұл туралы сарапшыға байланыс құралдары арқылы хабарлайды.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 5-тарау. Міндетті медициналық қарап-тексеруді өткізу тәртібі

74. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 6-тарау. Қорытынды ережелер

86. Уәкілетті ұйым:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелері арқылы медициналық куәландыруды жүргізуді бақылауды және медициналық куәландыру нәтижелері бойынша сарапшылардың есептерін бағалауды жүргізеді;

2) медициналық куәландыру талаптарын сақтамаған жағдайда медициналық сертификаттың қолданысын тоқтатады және қайтарып алады;

3) сарапшылардың шешімдеріне шағымдарды қарастырады;

4) сарапшыларды тағайындайды;

5) авиациялық медицина бойынша оқу бағдарламаларын келіседі;

6) нұсқаумалық материалдарды әзірлейді;

7) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 750 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8782 болып тіркелген) бекітілген Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларына сәйкес сарапшының есебіне сәйкестігіне медициналық сертификатқа сараптама жүргізеді.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының

азаматтық авиациясындағы
медициналық куәландыру және
қарап-тексеру қағидаларына
1-қосымша

Нысан

## Медициналық сертификатты алуға немесе қайта жаңартуға өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бұл бетті толық және баспалық әріптермен толтырыңыз – толтыру бойынша жадынамаға назар аударыңыз.

Қатаң құпия (медциналық қолдану үшін).

| | | | |
|---|---|---|---|
| (1) Тегі: | (2) Сіз тегіңізді өзгерттіңіз бе? | (3) Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН): | |
| (4) Аты, әкесінің аты (бар болса): | (5) Туылған күні: | (6) Жынысы:<br>Ер □<br>Әйел □ | (7) Өтініш:<br>бастапқы □<br>қайта жаңартуға □<br>басқа □ |
| (8) Сертификат берген ел: | (9) Сұралған медициналық сертификат сыныбы:<br>1 □ 2 □ 3 □ ЖА және АЖА □ | (10) Сұрау салынатын куәлік түрі (бастапқы өтініш кезінде): | (11) Туылған жері, елі: |
| (12) Азаматтығы: | (13) Мамандығы (негізгі): | (14) Тұрақты мекенжайы:<br>Пошта индексі:<br>Елі:<br>Телефон нөмірі:<br>Мобилді телефон нөмірі:<br>Эл. пошта: | (15) Пошталық тіркеу мекен-жайы (егер айырмашылығы болса):<br>Пошта индексі:<br>Елі:<br>Телефон нөмірі: |
| (16) Жұмыс беруші ( | | (18) Қолда бар куәлігі (типі):<br>Куәлік (куәліктер) нөмірі: | (19) Авиациялық қызметкер куәлігінде және (немесе) медициналық сертфкатта |

| | | | |
|---|---|---|---|
| негізгі жұмыс орны): | (17) Медициналық сертификатқа бұрынғы өтініш: Уақыты:<br>Орны: | Куәлік берген ел (елдер): | қандай да бір шектеулер<br>Жоқ □ Ия □<br>Толығырақ көрсету: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| (20) Қашан да болса, Сізде авиациялық куәліктер беретін қандай да бір мемлекеттің медициналық қорытындыны беруде күмәні, беруден бас тартулары болды ма? Жоқ □ Ия □<br>Уақыты: Елі: Толығырақ: | (21) Жалпы ұшулар саны: | (22) Алдыңғы медициналық куәландырудан соң ұшулар саны: | (23) Қазіргі уақытта әуе кемесінің түрі (мысалы, Боинг-737, МИ-8): |

| | | | |
|---|---|---|---|
| (24) Соңғы медициналық куәландырудан соң, қандай да бір авиациялық оқиға және (немесе) болды ма?<br>Жоқ □ Ия □<br>Мерзімі: Уақыты: Толығырақ: | (25) Ұшулардың болжамды түрі (мысалы, коммерциялық әуе тасымалы, ұшу жаттығулары, әуесқой ұшқыш және т. б.): | (26) Қазіргі уақыттағы ұшу қызметі:<br>бір құрамды экипаж □<br>көп құрамды экипаж □ | 27. Отбасылық дәрігердің / жалпы практика дәрігерінің тегі мен мекен-жайы (егер бар болса).<br>Эл. пошта:<br>Телефон нөмері: |

| | | |
|---|---|---|
| (28) Сіз алкоголь қолданасыз ба?<br>Жоқ □ Ия □<br>Егер "Иә" болса, аптаның орташа тұтынуын көрсетіңіз (өлшем бірлігінде): | (29) Сіз темекі шегесіз бе? Ешқашан □ Бұрын □ Тоқтату күні:<br>Қазіргі уақытта □ Түрін, санын және жыл санын көрсетіңіз: | (30) Қазіргі уақытта сіз дәрі-дәрмектерді, соның ішінде рецептсіз дәрі-дәрмектерді қабылдайсыз ба? Ия □ Жоқ □<br>Егер "Иә" болса, дәрі-дәрмектің атауын, басталу күнін, тәуліктік немесе апталық дозаны және себебін (диагнозын) көрсетіңіз: |

(31) Жалпы деректер және медициналық анамнез: сізде қазір бар ма, әлде жоғарыда айтылғандардың кез келгені болды ма? Әр сұрақтан кейін "Иә" немесе "Жоқ" белгісін қою керек. "Иә" деп жауап берген жағдайда, мәліметтерді 32-тармақта көрсетіңіз және сарапшымен талқылаңыз:

| | Ия | Жоқ | | Ия | Жоқ | | Ия | Жоқ | | Ия | Жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 101 Көру бұзылысы / көз | | | 112 Мұрын, | | | 123 Малери | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| хирургиясы (аурулар және/немесе көзге жасалатын ота) | | | тамақ аурулары, тілдесу бұзылыстары | | | я немесе басқа да тропиктік аурулар | | | Жанұялы қ анамнез: | | |
| 102 Көзілдірік және (немесе) контактілі линзаларды кию | | | 113 Бас зақымдануы және естен тану | | | 124 АИТВ инфекциясын талдаудың оң нәтижесі | | | 140 Жүрек аурулары | | |
| 103 Алдыңғы медициналық куәландыру кезеңіндегі көзілдірікке және/немесе контактілі линзаларға арналған рецепттегі өзгерістер | | | 114 Жиі немесе қатты бас аурулары | | | 125 Жыныс жолдары арқылы берілетін инфекциялар | | | 141 Жоғары қан қысымы | | |
| 104 Аллергии | | | 115 Бас айналу немесе естен тану | | | 126 Ауруханаға жатқызу | | | 142 Холестериннің жоғары деңгейі | | |
| | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 105 Астма или заболевания легких | | | 116 Кез-келген себеп бойынша естен тану | | | 127 Тірек-қимыл жүйесінің аурулары / бұзылыстары, жарақаттар | | | 143 | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | Эпилепсия | | |
| 106 Жүрек немесе қан тамырлары ауруы (жүрек ауруы, ауырсыну, жүректің бұзылуы) | | | 117 Жүйке жүйесі аурулары, инсульт, эпилепсия, ұстамалар, параличтер және т.б. | | | 128 Алдыңғы медициналық куәландырудан соң дәрігерге бару | | | 144 Психикалық аурулар | | |
| 107 Қан қысымының жоғарылауы | | | 118 Кез-келген түрдегі психологиялық / психикалық проблемалар | | | 129 Өмірді сақтандырудан бас тарту | | | 145 Қант диабеті | | |
| | | | | | | | | | 146 Туберкулез | | |
| 108 Бүйрек тастары немесе зәрдегі қан | | | 119 Алкогольді/есірткіні / психобелсенді заттарды көп пайдалану | | | 130 Медициналық сертификатты беруден бас тарту немесе кері қайтарып алу | | | 147 Аллергия/демікпе/экзема | | |
| | | | | | | | | | 148 Тұқым қуалау аурулары | | |
| 109 Қант диабеті, гормоналды бұзылулар | | | 120 Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері | | | 131 Медициналық айғақтар бойынша әскери қызметке жарамсыз деп тану | | | 149 Глаукома | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 110 Асқазан, бауыр немесе шек аурулары | | | 121 Дәрі - дәрмектерді қажет ететін қозғалыс ауруы | | | 132 Жарақатқа немесе ауруға байланысты зейнетақы немесе өтемақы тағайындау | | | Әйелдер үшін:<br>150 Гинекологиялық аурулар, етеккір бұзылулары | | |
| 111 Есту қабілетінің жоғалуы, саңыраулық, құлақ аурулары | | | 122 Анемия, өзге де қан аурулары | | | 133 Глаукома | | | 151 Сіз жүктісіз бе? | | |
| | | | | | | 134 Холестериннің жоғары деңгейі | | | | | |

(32) Ескертпе: Егер, бұрын айтылса және өзгерістер болмаса, онда белгілеңіз:

| |
|---|
| (33) Өтініш: осымен мен жоғарыда келтірілген толық және дұрыс деректерді мұқият қарастырғанымды айтамын.<br>Мен әрі қарай қандай да бір маңызды ақпаратты жасырмайтынымды және жаңылыстыруға тырыспайтынымды айтамын.<br>Осы арызға байланысты жалған немесе жаңылыстыратын ақпарат ұсынылған немесе растайтын медициналық ақпаратты ұсынудан бас тартылған жағдайда сарапшы маған медициналық сертификат беруден бас тарта алатынын немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кез келген басқа да қолданылатын сот іс-әрекеттерінің мүмкіндігін жоққа шығармай, бұрын берілген кез келген медициналық сертификатты кері қайтарып ала алатынын түсінемін.<br>Медициналық ақпаратты беруге келісім: осымен осы есепте қамтылған барлық ақпарат, сондай-ақ қоса беріліп отырған кез келген немесе барлық құжаттарда, сарапшыға, уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторына қолжетімді болып табылатынын, осы құжаттардың және электрондық-сақталған деректердің барлығы медициналық куәландыру үшін пайдаланылатынын, сарапшының меншігіне айналатынын және қалатынын назарға ала отырып, сондай-ақ уәкілетті ұйымның сарапшысына, авиациялық инспекторына денсаулық жағдайы бойынша, оның ішінде медицина қызметкерінің құпиясын құрайтын менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін. Медициналық ақпараттың құпиялылығы барлық уақытта сақталынады.<br>Уақыты ________ Өтініш берушінің қолы _________ Сарапшының қолы __________ |

Алдыңғы беті

**Медициналық сертификат беруге өтініш нысанын толтыру жөніндегі жадынама**

Осы өтініш нысаны, оған қоса берілетін есептер, құжаттар сарапшыда сақталынады. Медициналық ақпараттың құпиялылығы тұрақты сақталынады.

Өтініш беруші өтініш бланкісіндегі барлық сұрақтарға жеке толық жауап береді ( барлық бағандарда белгі қою). Шарикті қаламмен түсінікті, баспа әріптерімен жазу керек. Қосымша ақпарат алу үшін: кез келген сұраққа жауап беру үшін көбірек орын қажет болса, қолтаңбаңыз бен күніңіз бар бос қағазды пайдаланыңыз. Төменде келтірілген жадынаманың нөмірлері өтініш нысанындағы тармақтардың нөмірленуіне сәйкес келеді.

Өтінішті толық емес немесе анық емес толтыру оны қабылдаудан бас тартуға әкеп соғады. Жалған немесе жаңылыстыратын өтініштер бергені немесе осы өтінішке қатысты ақпаратты жасырғаны үшін оған осы өтінішті қабылдаудан бас тартады және ( немесе) бұрын берілген медициналық сертификаттан айырылады.

| | |
|---|---|
| 1.Тегін көрсетіңіз | 2. Егер тегіңіз қандай да бір себептермен өзгерсе, алдыңғы тегіңізді (ді) көрсетіңіз |
| 3. Азаматы болып табылатын елде берілген ЖСН көрсетіңіз | 4. Атыңызды және (бар болса) әкеңіздің атын көрсетіңіз |
| 5. Сандармен келесі ретпен көрсетіңіз: күн (КК), ай ( АА), жыл (ЖЖЖЖ), мысалы: 22.04.1963 | 6. Бағанға сәйкес құсбелгіні қойыңыз |
| 7. Сәйкес бағанды белгілеңіз. Егер бұл куәлік беру жөніндегі уәкілетті ұйымның бірінші өтініші болса, тіпті куәлік беру жөніндегі басқа уәкілетті орган берген ұқсас куәлік болса да, "Бастапқы" деп белгілеңіз.<br>"Қайта жаңарту" - егер кейінгі тұрақты куәландырулар болса.<br>"Басқа" - бастапқы немесе кейінгі тұрақты куәландырулардан басқа. | 8. Бірінші куәлікті берген елді көрсетіңіз (егер өтініш бірінші рет берілмесе).<br>Егер сіз бірінші рет өтініш берсеңіз, онда " сызықша"қойыңыз. |
| 9. Бағанға сәйкес құсбелгіні қойыңыз | 10. Келесі тізімнен өтініш берген куәлік түрін көрсетіңіз, мысалы: коммерциялық авиация ұшқышының куәлігі CPL; жеке ұшқыштың куәлігі PPL; жеңіл авиация ұшқышының куәлігі LAPL; көпмүшелі экипаж ұшқышының куәлігі MPL; желілік ұшқыштың куәлігі ATPL; бортинженер ( бортмеханик) куәлігі FEL; штурман куәлігі FNL; бортрадист куәлігі FROL және т.б. |
| 11. Туған қалаңызды/жеріңізді және еліңізді көрсетіңіз | 12. Азаматтығы бар елдің атын көрсетіңіз |
| 13. Негізгі мамандықты көрсетіңіз | 14. Байланыс ақпараты, телефон нөмірі (нөмірлері) және электрондық пошта мекенжайы бар негізгі тұрғылықты жеріңізді көрсетіңіз. |
| 15. Егер пошталық мекенжай тұрақты тұрғылықты жерінен өзгеше болса, оны, телефон нөмірін және ел кодын көрсетіңіз. Егер басқаша болмаса, "бірдей" деп жазыңыз. | 16. Негізгі жұмыс орнын көрсетіңіз |
| 17. Соңғы авиациялық медициналық куәландырудан күнін (күнін/айын/жылын) және орнын (қаласын/ орнын және елін) көрсету. Бірінші рет өтініш берушілер "Болған жоқ"деп көрсетуі керек | 18. Қолда бар куәліктер туралы ақпаратты ұсыныңыз: куәліктің нөмірі мен берілген елін көрсетіңіз. Егер сізде куәлік болмаса "жоқ" деп жазыңыз |
| | |

| | |
|---|---|
| 19. Тиісті бағанды белгілеп, куәліктегі және/немесе медициналық қорытындыдағы(лардағы) кез келген шектеулер туралы ақпаратты ұсыныңыз, мысалы, тек күндізгі ұшу үшін, тек көпмүшелі экипаж құрамында ұшу үшін | 20. Егер медициналық куәлікті беруден бас тарту, тоқтата тұру немесе қайтарып алу, тіпті уақытша негізде де орын алса, "Иә" деп белгілеңіз. Күнді, орынды және себебін көрсетіңіз, сарапшымен талқылаңыз |
| 21. Ұшқыштар үшін: жұмыс режимінде ұшу сағаттарының жалпы санын көрсетіңіз.<br>Ұшқыш болып табылмайтын тұлғалар үшін " қолданылмайды"деп көрсету | 22. Ұшқыштар үшін: алдыңғы авиациялық медициналық куәландырудан кейін жұмыс режимінде ұшу сағаттарының санын көрсетіңіз |
| 23. Ұшқыштар үшін: қазіргі уақытта ұшатын әуе кемесінің атауын көрсетіңіз, мысалы: Боинг-737, Эрбас-А330, Сессна-150, МИ-8, Як-52 | 24. Тиісті бағанға белгі қойыңыз, егер "Иә" болса, алдыңғы медициналық куәландыру кезеңіндегі авиациялық оқиғаның немесе оқиғаның егжей-тегжейлі деректерін көрсетіңіз; күнін (сағ/мм/жж) және ол болған елді көрсетіңіз |
| 25. Коммерциялық әуе тасымалы, ұшу жаттығулары , әуесқой ұшқыш сияқты ұшу жұмыстарының болжамды түрін көрсетіңіз | 26. Бағанға сәйкес құсбелгіні қойыңыз |
| 27. Отбасылық дәрігердің / жалпы тәжірибелік дәрігердің байланыс ақпаратын ұсыныңыз | 28. Бағанға сәйкес құсбелгіні қойыңыз. Егер "Иә" болса, аптасына 2 литр сыра сияқты ішетін алкоголь мөлшерін қосыңыз. |
| 29. Бағанға сәйкес құсбелгіні қойыңыз. Қазіргі уақытта темекі шегетіндерге түрін (темекі, темекі, түтік және т. б.) және санын көрсетіңіз (мысалы, күніне 10 темекі / күніне 2 сигара / аптасына 30 граммов және т. б.) | 30. Дәрігер тағайындаған дәрі-дәрмектерді, сондай-ақ рецептсіз дәрі-дәрмектерді, мысалы, шөптен жасалған дәрілерді, рецептсіз сатып алынған дәрілерді көрсетіңіз. Дәрі-дәрмектің атауын , басталу күнін, тәуліктік/апталық дозаны және дәрі-дәрмектің қабылдануына байланысты ауруды немесе мәселені көрсетіңіз |
| 31. 101-ден 149-ға дейінгі (әйелдер үшін 101–151) тармақтардың барлық сұрақтарына тиісті бағанда " иә" немесе "жоқ" деген жауап беріңіз. Егер сіздің өміріңізде осы жағдай болған болса, "Иә" деп көрсетіңіз және оны егжей-тегжейлі сипаттаңыз және (152) тармағында күнді көрсетіңіз.<br>Ескерту. Барлық сұрақтар медициналық тұрғыдан өте маңызды, бірақ бір қарағанда олар көрінбейді. 140-149 сұрақтар тікелей отбасылық тарихқа жатады, ал 150-151 сұрақтарға өтініш беруші әйелдер жауап береді. Егер сіз алдыңғы мәлімдемеде қандай да бір патология туралы хабарлаған болсаңыз және содан бері ештеңе өзгермеген болса,"Ақпарат бұрын берілген, өзгеріссіз" деп жазыңыз. Дегенмен, сіз бұл сұраққа " Иә" деп жауап бересіз. Өнімділіктің төмендеуімен сипатталатын жиі кездесетін ауруларды көрсетпегені жөн, мысалы: суық тию. | 32. Куәгер ретінде әрекет ететін, өтінішті зерттейтін және оған қол қоятын авиациялық медициналық сарапшы ұсынғаннан кейін ғана осы бөлімге қол қойыңыз және күнді қойыңыз. |

Өтініш берушінің кез келген тексерулер мен тексерістерден бас тартуға және уәкілетті ұйымға жүгінуге рұқсат сұрауға құқығы бар. АЛАЙДА БҰЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КУӘЛІКТІ БЕРУДЕН УАҚЫТША БАС ТАРТУҒА ӘКЕЛУІ МҮМКІН.

Артқы беті

Қазақстан Республикасының
азаматтық авиациясында
медициналық куәландыру және
қарап-тексеру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

## Медициналық сертификат

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қазақстан Республикасы**<br>**Республика Казахстан**<br>**The Republic of Kazakhstan**<br>**Класты медициналық сертификат**<br>**Медицинский сертификат класса**<br>**Medical certificate of class**<br>**ИКАО Конвенциясының 1-қосымшасына сәйкес берілген**<br>**Выдано в соответствии с Приложением 1 к Конвенции ИКАО**<br>**Issued in accordance with Annex I to the ICAO Convention**<br>**Бұл сертификат авиациялық персоналы куәлігінің ажырамас бөлігі болып табылады.**<br>**Настоящий сертификат является неотъемлемой частью свидетельства авиационного персонала.** | **Уәкілетті ұйымымен тағайындалған ___________**<br>**Авиациялық медициналық сарапшы:___**<br>**Авиационный медицинский эксперт: ___, назначенный Уполномоченной организацией ___________**<br>**Aviation Medical Expert: ___________, designated by the Authorized Organization ___________**<br>**Сертификат нөмірі: _______________**<br>**Номер сертификата: _______________**<br>**Certificate number: _______________**<br>**Сертификат иесінің аты-жөні: _______________**<br>**Фамилия, имя, отчество владельца сертификата: _______________**<br>**Full name of the certificate holder: _______________**<br>**Туған жылы, айы, күні: _______________**<br>**Год, месяц, день рождения: _______________**<br>**Date of birth: _______________**<br>**Ұлты: _______________** | **Шектеулер: ________**<br>**Ограничения: ______**<br>**Limitations: ______**<br>**Коды: ___________**<br>**Код: ____________**<br>**Code: ___________**<br>**Берілген күні: _____**<br>**Дата выдачи: ______**<br>**Date of issue:**<br>**(кк. аа. жж. /дд. мм. гг. / dd.mm.yy.)**<br>**Бастап жарамды: __**<br>**Вводится в действие с: _________**<br>**Valid from: _____**<br>**(кк. аа. жж. / дд. мм. гг. / dd. mm. yy.)**<br>**Сертификат берген сарапшының қолы: _______________**<br>**Подпись выдавшего сертификат эксперта: _______________**<br>**Signature of the certificate issuing AME: _______________**<br>**Мөр / Печать / Stamp:** | **Сертификаттың аяқталу мерзімі:**<br>**Срок окончания сертификата:**<br>**Certificate expiration date:**<br>1 класс / class<br>(кк. аа. жж. / дд. мм. гг. / dd. mm. yy.)<br>2 класс / class<br>(кк. аа. жж / дд. мм. гг / dd. mm. yy .)<br>3 класс / class<br>(кк. аа. жж. / дд. мм. гг. / dd. mm. yy.)<br>**Соңғы қарау күні:**<br>**Дата последнего осмотра:**<br>**Date of the last examination:**<br>Соңғы медициналық қаралу мерзімі:<br>Дата последнего медицинского осмотра:<br>Date of the last examination:<br>(кк. аа. жж / дд. мм. гг. / dd. mm. yy)<br>Электрокардиограмма / Электрокардиограмма/ Electro cardiogram<br>(кк. аа. жж / дд. мм. гг. /dd.mm.yy) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **This certificate is an integral part of the aviation personnel license** | **Национальность: ___________**<br>**Nationality: ________________**<br>**Сертификат иесінің қолы: ________________**<br>**Подпись держателя сертификата: ______________**<br>**Signature of the certificate holder: ________________** | | Аудиограмма / Audiogram (кк. аа. жж / дд.мм.гг. / dd. mm. yy)<br>Көзді тексеру / Обследование зрения / Ophtalmology (кк. аа. жж / дд. мм. гг. /dd. mm. yy ) | |
| Медициналық жарамдылықты төмендетуші жағдайлар: Медициналық сертификаттардың иелері Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 27 және 28-тармақтарына сәйкес олардың денсаулығының жарамдылығын төмендететін факторлар туындаған кезден бастап сарапшыны дереу хабардар етеді.<br>Факторы, снижающие медицинскую годность:<br>Владельцы медицинских сертификатов незамедлительно уведомляют эксперта с момента возникновения факторов, снижающих годность их здоровья в | Куәлік иелері өздерінің куәліктеріне, біліктілік белгілеріне немесе сертификаттары бойынша кәсіби құқықтары мен міндеттерін орындамайды. Медициналық сертификат иелері қандай да бір ауру немесе шаршау кезінде, денсаулық жағдайына қатысты кез келген күмән туындаған кезде, оның міндеттерін қауіпсіз орындау қабілетіне әсер етуі мүмкін әл-ауқат пен денсаулыққа байланысты кез келген жағдайларда сарапшыға жүгінеді. Медициналық сертификат иесі мен жұмыс беруші Қағидалардың талаптарын орындамағаны үшін жауап береді.<br>Владельцы свидетельств не выполняют профессиональные права и обязанности согласно своих свидетельств, квалификационных отметок или сертификатов. Обладатели медицинского сертификата обращаются к эксперту при возникновении | Коды/ Код/ Code<br>МСШ / ОМС / TML – медициналық сертификаттың қолданылу мерзімінің шектелуі / ограничение срока действия медицинского сертификата / limitation of the validity period of the medical certificate;<br>ҚКТ / КДР / VDL – алыс қашықтан көру қабілетінің бұзылуын түзету / коррекция нарушения зрения для дальнего расстояния / distance vision correction;<br>АОЖКТ / КБСДР / VML – алыс, орта және жақын қашықтан көру қабілетінің бұзылуын түзету / коррекция нарушения зрения для дальнего, среднего и близкого расстояния / far, medium, near distance vision correction;<br>ЖКТ / КБР / VNL – жақын қашықтан көру қабілетінің бұзылуын | КЛТ / КИК / CCL – контакттық линзаларды қолдану ғана арқылы көруді түзету / коррекция зрения с использованием только контактных линз / vision correction using contact lenses only;<br>КҰ / ДП / VCL – тек күндізгі рейстерге ( күндізгі ұшулар) жарамды / действителен для полетов только в дневное время (дневные полеты) / Valid for daytime flights (daytime flights) only;<br>ЕБЖ / ВКП / OML – екінші ұшқыш немесе білікті екінші ұшқышпен ғана жарамды / действителен только как второй пилот или с квалифицированным вторым пилотом / valid only as a co-pilot or with qualified co-pilot;<br>ЕҰЖ / ДВП / OCL – екінші ұшқыш ретінде ғана жарамды / годен только как второй пилот / valid only as co-pilot;<br>ЖЖ / ЖБП / OPL – жолаушыларсыз ғана жарамды / действителен только без пассажиров / valid only without passengers; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| соответствии пунктами 27 и 28 Правил медицинского освидетельствования и осмотра в гражданской авиации Республики Казахстан (далее - Правил).<br>Factors that reduce medical suitability:<br>The medical certificate holders immediately notify the expert from the moment of occurrence of factors that reduce the suitability of their health in accordance with paragraphs 27 and 28 of the Rules of Medical Examination and Inspection in Civil Aviation of the Republic of Kazakhstan (hereinafter - the Rules). | какого-либо заболевания или утомления, при любых сомнениях по поводу состояния здоровья, при любых случаях, связанных с самочувствием и здоровьем, которые могут повлиять на способность безопасно выполнять его обязанности. Обладатель медицинского сертификата и работодатель ответственны за невыполнение требований Правил.<br>License holders do not fulfill professional rights and obligations under their licenses, qualification marks or certificates.<br>The medical certificate holders turn to an expert in case of any illness or fatigue, in case of any doubts about the state of health, in any cases related to well-being and health that may affect the ability to safely perform his duties . The medical certificate holder and the employer are responsible for non-compliance with the requirements of the Rules. | түзету/ коррекция нарушения зрения для близкого расстояния / near distance vision correction;<br>ӨАКТ / КДП / VXL – өндірістік жағдайларға байланысты қашықтан көру қабілетінің бұзылуын түзету (тек 3-классты медициналық сертификат, ӘҚҚ диспетчерлері үшін) / коррекция нарушения зрения для дали, в зависимости от производственных условий (только для медицинского сертификата 3 класса, диспетчеров ОВД) / Distance vision correction, depending on working conditions (only for medical certificate of 3 class only, air traffic controllers); | ҚЕБ / БДУ / OSL – қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ұшқыш және қос басқарылатын әуе кемесіне ғана жарамды / действителен только с безопасным пилотом и для воздушного судна с двойным управлением / valid only with a safe pilot and for an aircraft with dual controls;<br>ДӘК / ДВС / OAL – демонстрацияланған әуе кемесінің түрі үшін жарамды / годен для демонстрированного типа воздушного судна / suitable for the demonstrated aircraft type;<br>БҚБ / УРУ / AHL – тек бекітілген қолмен басқарумен жарамды / действителен только с утвержденным ручным управлением / valid only with approved manual control.<br>Мониторингқа келу мерзімдері:<br>Сроки явок на мониторинг:<br>Terms of attendance for monitoring: |

Екі жақты бланк; өлшемдері – ұзындығы 295 мм, ені 105 мм; күрделі түрі – пішіні А7; "ҚР картасының контуры немесе KZ, немесе KAZ" сутаңбалары белгілері бар қағаз ; Қазақстан Республикасы картасының контурымен голограмманың диаметрі - 12 мм; BARCODE өлшемі – жағы 30 мм төртбұрыш, онда медициналық сертификат иесінің мәліметтері бар: Толық аты-жөні: Туған күні: Берілген күні: АМС толық аты-жөні: Класс: Шектеу: Жарамдылық бастауы: Жарамды аяқталуы: Көз түсі: Шаш түсі: Жынысы: Салмағы: Бойы:

Қазақстан Республикасының
азаматтық авиациясында
медициналық куәландыру және
қарап-тексеру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Медициналық сертификат**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 18.12.2025 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Республика Казахстан<br>The Republic of Kazakhstan<br>Класты медициналық сертификат<br>Медицинский сертификат класса<br>Medical certificate of class<br>ҚР азаматтық авиациясындағы медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларына сәйкес берілген<br>Выдано в соответствии с Правилами медицинского освидетельствования и осмотра в гражданской авиации РК<br>Issued in accordance with the Rules for Medical Examination and Inspection in Civil Aviation.<br>Бұл сертификат авиациялық персоналы куәлігінің ажырамас бөлігі болып табылады.<br>Настоящий сертификат является неотъемлемой частью свидетельства авиационного персонала.<br>This certificate is an integral part of the aviation personnel license | Уәкілетті ұйымымен тағайындалған ___________<br>Авиациялық медициналық сарапшы:__<br>Авиационный медицинский эксперт: ___, назначенный Уполномоченной организацией ____________<br>Aviation Medical Expert: __________, designated by the Authorized Organization ___________<br>Сертификат нөмірі: _____ ___________<br>Номер сертификата: _____ ___________<br>Certificate number: _______ _________<br>Сертификат иесінің аты-жөні: _____________ ___________<br>Фамилия, имя, отчество владельца сертификата: _ _________________<br>Full name of the certificate holder: __________________<br>Туған жылы, айы, күні: _ _____________<br>Год, месяц, день рождения: _________<br>Date of birth: _______<br>Ұлты: ________<br>Национальность: ___<br>Nationality: ______<br>Сертификат иесінің қолы: _________________<br>Подпись держателя сертификата: _______<br>Signature of the certificate holder: ____ | Шектеулер: ________<br>Ограничения: ______<br>Limitations: ______<br>Коды: ___________<br>Код: ____________<br>Code: ___________<br>Берілген күні: _____<br>Дата выдачи: ______<br>Date of issue:<br>(кк. аа. жж. /дд. мм. гг. / dd.mm.yy.)<br>Бастап жарамды: __<br>Вводится в действие с: __ _______<br>Valid from: _____<br>(кк. аа. жж. / дд. мм. гг. / dd. mm. yy.)<br>Сертификат берген сарапшының қолы: _____ ____________<br>Подпись выдавшего сертификат эксперта: ___ ___________<br>Signature of the certificate issuing AME: __________ _______<br>Мөр / Печать / Stamp: | Сертификаттың аяқталу мерзімі:<br>Срок окончания сертификата:<br>Certificate expiration date:<br>2 класс / class<br>(кк. аа. жж. / дд. мм. гг. / dd. mm. yy.)<br>ЖА және АЖА / ЛА и СЛА / LA and ULA<br>(кк. аа. жж / дд. мм. гг / dd. mm. yy .)<br>Соңғы қаралу күні:<br>Дата последнего осмотра:<br>Date of the last examination:<br>Соңғы медициналық қаралу мерзімі:<br>Дата последнего медицинского осмотра:<br>Date of the last examination:<br>(кк. аа. жж / дд. мм. гг. / dd. mm. yy)<br>Электрокардиограмма / Электрокардиограмма/ Electro cardiogram<br>(кк. аа. жж / дд. мм. гг. /dd.mm.yy)<br>Аудиограмма / Audiogram<br>(кк. аа. жж / дд.мм.гг. / dd. mm. yy)<br>Көзді тексеру / Обследование зрения / Ophtalmology<br>(кк. аа. жж / дд. мм. гг. /dd. mm. yy ) |
| | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Медициналық жарамдылықты төмендетуші жағдайлар: Медициналық сертификаттардың иелері Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 27 және 28-тармақтарына сәйкес олардың денсаулығының жарамдылығын төмендететін факторлар туындаған кезден бастап сарапшыны дереу хабардар етеді.<br>Факторы, снижающие медицинскую годность:<br>Владельцы медицинских сертификатов незамедлительно уведомляют эксперта с момента возникновения факторов, снижающих годность их здоровья в соответствии пунктами 27 и 28 Правил медицинского освидетельствования и осмотра в гражданской авиации Республики Казахстан (далее - Правил).<br>Factors that reduce medical suitability:<br>The medical certificate holders immediately notify | Куәлік иелері өздерінің куәліктеріне, біліктілік белгілеріне немесе сертификаттары бойынша кәсіби құқықтары мен міндеттерін орындамайды.<br>Медициналық сертификат иелері қандай да бір ауру немесе шаршау кезінде, денсаулық жағдайына қатысты кез келген күмән туындаған кезде, оның міндеттерін қауіпсіз орындау қабілетіне әсер етуі мүмкін әл-ауқаты пен денсаулыққа байланысты кез келген жағдайларда сарапшыға жүгінеді.<br>Медициналық сертификат иесі мен жұмыс беруші Қағидалардың талаптарын орындамағаны үшін жауап береді.<br>Владельцы свидетельств не выполняют профессиональные права и обязанности согласно своих свидетельств, квалификационных отметок или сертификатов.<br>Обладатели медицинского сертификата обращаются к эксперту при возникновении какого-либо заболевания или утомления, при любых сомнениях по поводу состояния здоровья, при любых случаях, связанных с самочувствием и здоровьем, которые могут повлиять на способность безопасно выполнять его обязанности. Обладатель | Коды/ Код/ Code<br>МСШ / ОМС / TML – медициналық сертификаттың қолданылу мерзімінің шектелуі / ограничение срока действия медицинского сертификата / limitation of the validity period of the medical certificate;<br>ҚКТ / КДР / VDL – алыс қашықтан көру қабілетінің бұзылуын түзету / коррекция нарушения зрения для дальнего расстояния / distance vision correction;<br>АОЖКТ / КБСДР / VML – алыс, орта және жақын қашықтан көру қабілетінің бұзылуын түзету / коррекция нарушения зрения для дальнего, среднего и близкого расстояния / far, medium, near distance vision correction;<br>ЖКТ / КБР / VNL – жақын қашықтан көру қабілетінің бұзылуын түзету/ коррекция нарушения зрения для | КЛТ / КИК / CCL – контакттық линзаларды қолдану ғана арқылы көруді түзету / коррекция зрения с использованием только контактных линз / vision correction using contact lenses only;<br>КҰ / ДП / VCL – тек күндізгі рейстерге ( күндізгі ұшулар) жарамды / действителен для полетов только в дневное время (дневные полеты) / Valid for daytime flights (daytime flights) only;<br>ЖЖ / ЖБП / OPL – жолаушыларсыз ғана жарамды / действителен только без пассажиров / valid only without passengers;<br>ҚЕБ / БДУ / OSL – қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ұшқыш және қос басқарылатын әуе кемесіне ғана жарамды / действителен только с безопасным пилотом и для воздушного судна с двойным управлением / valid only with a safe pilot and for an aircraft with dual controls;<br>ДӘК / ДВС / OAL – демонстрацияланған әуе кемесінің түрі үшін жарамды / годен для демонстрированного типа воздушного судна / suitable for the demonstrated aircraft type;<br>БҚБ / УРУ / AHL – тек бекітілген қолмен | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| the expert from the moment of occurrence of factors that reduce the suitability of their health in accordance with paragraphs 27 and 28 of the Rules of Medical Examination and Inspection in Civil Aviation of the Republic of Kazakhstan (hereinafter - the Rules). | медицинского сертификата и работодатель ответственны за невыполнение требований Правил. License holders do not fulfill professional rights and obligations under their licenses, qualification marks or certificates. The medical certificate holders turn to an expert in case of any illness or fatigue, in case of any doubts about the state of health, in any cases related to well-being and health that may affect the ability to safely perform his duties . The medical certificate holder and the employer are responsible for non-compliance with the requirements of the Rules. | близкого расстояния / near distance vision correction; | басқарумен жарамды / действителен только с утвержденным ручным управлением / valid only with approved manual control. Мониторингқа келу мерзімдері: Сроки явок на мониторинг: Terms of attendance for monitoring: |

Екі жақты бланк; мөлшері – ұзындығы 295 мм, ені 105 мм; күрделі түрі – пішіні А7; "ҚР картасының контуры немесе KZ, немесе KAZ" сутаңбалары бар қағаз; Қазақстан Республикасы картасының контурымен голограмманың диаметрі - 12 мм; BARCODE өлшемі – жан жағы 30 мм төртбұрыш, онда медициналық сертификат иесінің мәліметтері бар: Толық аты-жөні: Туған күні: Берілген күні: AMC толық аты-жөні: Класс: Шектеу: Жарамдылық бастауы: Жарамды аяқталуы: Көз түсі: Шаш түсі: Жынысы: Салмағы: Бойы:.

Қазақстан Республикасының
азаматтық авиациясындағы
медициналық куәландыру және
қарап-тексеру қағидаларына
4-қосымша

## 1-сыныпты медициналық сертификат алуға өтініш берушіге денсаулық жағдайына медициналық куәландыру бойынша қойылатын талаптар

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.12.2024 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Медициналық сертификат алуға өтініш берушілер куәліктің құқықтарын қауіпсіз жүзеге асырудың бұзылуына әкеліп соғатын туа біткен немесе жүре пайда болған

ауытқулар; белсенді, жасырын, жедел немесе созылмалы ауру немесе әрекетке қабілетсіздік; жаралар, зақымданулар немесе операцияның салдары; функционалдық мүгедектік дәрежесін туғызатын терапевтік, диагностикалық немесе профилактикалық мақсатта тағайындалған немесе тағайындалмаған дәрілік препаратты қолданудың әсері немесе жанама әсері болған кезде жарамсыз болып табылады.

**2-тарау. Жүрек-қан тамырлары жүйесі**

Өтініш беруші куәлікпен және біліктілік белгілерімен ұсынылатын кәсіби міндеттерді қауіпсіз жүзеге асыруға кедергі келтіретін жүрек қызметінің туа біткен немесе жүре пайда болған бұзылулары болған кезде жарамсыз болып табылады

Төменде аталған жағдайлардың кез келгені бар өтініш берушілер жарамсыз деп танылады; : хирургиялық араласуға дейінгі немесе одан кейінгі көкірек немесе қолқаның супраренальды құрсақ бөлімінің аневризмалары; өкпе артериясының эмболиясы; жүрек клапандарының қандай да біреуінің айтарлықтай функционалдық зақымдануы; жүректі немесе жүректі және (немесе) өкпені ауыстырып орналастыру.

